

«Күшті болу үшін бірлік керек»

Аялаймын сені, Қызылорда!

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ



Ақмешіт

29 сәуір
сенбі

№34 (1941)
2023 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІК – ТАБЫСТЫ МЕМЛЕКЕТ БОЛУДЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты XXXII сессиясына қатысты, деп хабарлайды Президенттің баспасөз қызметі. Республика Президенті өз сөзінде Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXI сессиясынан бері елімізде түбегейлі өзгерістер болғанын атап өтті. Атап айтқанда, саяси жүйе жүйелі түрде трансформацияланды, мемлекеттік құрылымның жаңа әрі анағұрлым демократиялық үлгісі қалыптасты. Аукымды өзгерістер барысында Ассамблеяға баса мән берілді. Аталған бірегей институт парламенттік өкілдіктің жаңа тетіктеріне ие болды. Президент Ассамблеяның елімізді саяси тұрғыда жаңғыртып, жалпыұлттық тұтастықты нығайту ісінде маңызды рөл атқарғанына назар аударды. ҚХА барлық стратегиялық міндеттерін шешу ісіне жұмылдыруға ықпал етті.



Сурет ашық дереккөзден алынды.

Мемлекет басшысы тәуелсіздік жылдары елімізде жаңа жалпыұлттық бірегейлік қалыптасқанын айтты. Президенттің пікірінше, біздің көк паспортымыз бен көк байрағымыз – тарихымызбен астасқан және миллиондаған адамның жүрегінен орын алған бірегейлігіміздің нағыз символы. – Қазақстан паспорты біздің бірлігіміз бен татулығымызға негіз болған прогрессивті құндылықтарды бейнелейді. Өз кезегінде көк байрағымыз – қасиетті тәуелсіздігіміз бен көп-қасырлық мемлекеттілігіміздің жарқын белгісі. Туымыз ірі халықаралық спорттық жарыстарда және басқа да сондай шараларда жоғары көтерілген сайын, біздің бойымызды елімізге деген мақтанш сезімі кернейді. Даңқты отандастарымызды – спортшыларымызды, мәдениет қайраткерлерімізді, ғалымдарымыз бен студенттерімізді, кәсіпкерлерімізді шыққан тегіне қарамастан, шетелде үнемі қазақтар деп атайды. Бұл – табиғи құбылыс. Солай болуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент біздің қоғамды ортақ идеялар мен құндылықтар біріктірген еркін әрі жауапкершілігі мол азаматтардың одағы деп санайды. Бұл – жалпыұлттық бірегейлігіміздің тағы бір жарқын көрінісі. Оның айтуынша, бүгінде азаматтарымыздың бәрі өздерін үлкен әрі біртұтас қазақ отбасының, шын мәнінде, озақ ұлтының мүшесі сезінеді. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық бірегейлікті сақтаудың маңызды рөліне тоқталып, осыған орай этносаясат мәселесіне байыппен қарау керек екенін атап өтті.

– Татулық пен бірлік – табысты мемлекет болудың басты кепілі. Сессия аясында кеше нақты мәселелерге арналған пікірталас өткенін білемін. Этносаясатта жаһандық және аймақтық үдерістер ескерілуге тиіс екені айтылды. Бұл – өте орынды ұсыныс. Яғни этносаралық қатынас мәселесін заман талабына сай реттеу керек. Бұл жұмыс ауқымды реформалармен үндес болуға тиіс. Бұған немісқарайлы қарауға болмайды,

этносаралық саясат айрықша назар аударып, ұдайы жетілдіріп отыруды қажет етеді. Шын мәнінде, азаматтардың бірлігін, жалпыұлттық бірегейлікті және еліміздің этноәлеуметтік тұтастығын нығайту жөніндегі іргелі, тіпті қасиетті деп айтуға болатын міндеттерді жүзеге асырмайынша, мемлекеттің бірде-бір стратегиялық міндетінің орындалуы мүмкін емес екенін естен шығармаған жөн, – деді Мемлекет басшысы.

Сессия барысында Президент Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметіндегі бірқатар басымдықты айқындап берді. Атап айтқанда, Президент бірлігіміз бен татулығымызға сына қакқысы келетін кез келген арандатушылық әрекетке батыл түрде тосқауыл қою, этноәлеуметтік шиеленістің шығу себептерін жою үшін нақты шаралар қабылдау қажет екеніне тоқталды. Сонымен қатар көпмәдениетті ортаны дамытып, барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жүйелі қаламдар жасау керектігін айтты.

Сәрсенбі күні қала әкімі Асылбек Шәменов БАҚ өкілдерімен бірге шаһардағы құрылыс нысандарын аралап, жұмыс барысын пысықтады.

Қала аумағы жылдан-жылға кеңейіп келеді. Мұны түрлі құрылыс нысандарының бой көтеруінен-ақ байқауға болады. Әсіресе сол жағалаудағы құрылыс жұмысы қызу жүрде. Баспасөз турындағы алғашқы бағыт осы шағын ауданнан басталды.

МӘСЕЛЕНІҢ ШЕШІМІН ЕЛДЕН АРТЫҚ ЕШКІМ БІЛМЕЙДІ



Сол жағалауда биыл 7 қабатты тұрғын үйдің іргетасы қаланды. Бұл жоба аймақ бойынша алғаш рет жүзеге асып отыр. Оған республика бюджетінен 1 млрд 604 млн теңге қаражат бөлінген. Қазіргі таңда «Аман құрылыс» ЖШС мердігер мекемесі құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Ақпан айында іргетасы қаланған нысанның жалпы ауданы 3,4 гектарды құрайды. Жоспар бойынша келер жылдың желтоқсан айында пайдалануға беріледі деп күтілуде.

– Биыл жоба бойынша сол жағалаудан 7 қабатты 6 тұрғын үйдің құрылысы басталады. Қазіргі таңда екі нысанның іргетасы қалануда. Әр тұрғын үйде 84 пәтер болады. Жалпы 6 тұрғын үй бойынша 504 пәтер болады. Жоба өтпелі болғандықтан құрылыс келер жыл соңында аяқталады, – деп түсіндірді қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Әнуар.

2 БЕТТЕ

Аймаққа Оқу-ағарту министрі келді

Бейсенбі күні Сыр өңіріне оқу-ағарту министрі Гани Бейсембаев арнайы іс-сапармен келді. Сапар барысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Жаңақорған, Шиелі аудандарындағы білім нысандарының жұмысымен таныстырды. Сондай-ақ саладағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу аясында мәжілісі өткізіп, күн тәртібіндегі мәселелерді талқылады.



Министр сапары Жаңақорған ауданындағы «Галдысу» облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығының жұмысымен танысудан басталды. Оқушылармен арнайы кездесіп, әңгіме өрбіткен Гани Бектайұлы олардың шығармашылығымен де танысты. Оқу үздіктері білім алатын орталықтың оқушылары мен ұстаздар жұмысына сәттілік тіледі. 2011 жылы ел игілігіне берілген 320 орындық нысанда 55 қызметкер жұмыс істейді. Қазіргі таңда мұнда «Сыр дарыны» академиясының оқушылары білім алады.

3 БЕТТЕ

«Дипломмен ауылға»: Өтінім «Отбасы банк» арқылы қабылданады



Ұлттық экономика министрлігінің шешімімен «Отбасы банк» АҚ 1 сәуірден бастап «Дипломмен – ауылға» жобасының сенімді агенті болып тағайындалғаны белгілі. Енді «Дипломмен ауылға» бағдарламасының қатысушылары неснені «Отбасы банк» арқылы төлейтін болады. Бұл шара 1 мамырдан бастап жүзеге асады. Сондықтан бағдарлама қатысушылары осы кезеге дейін аталған банктен ағымдағы шот ашуы қажет. Сондай-ақ қатысушылардың несие шартына өзгеріс енгізілмейді.

3 БЕТТЕ

